

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Қостанай ауданының білім бөлімінің Тобыл қаласының №1 жалпы білім беретін мектебі" КММ-нің 2024 жылғы Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша қызметі туралы есебі

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Қостанай ауданының білім бөлімінің Тобыл қаласының №1 жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі аудандық бюджеттен қаржыландырылатын, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шекте білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыруға уәкілеттік берілген атқарушы орган болып табылады.

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Қостанай ауданының білім бөлімінің Тобыл қаласының №1 жалпы білім беретін мектебі" КММ Мемлекеттік қызметтің 5 түрін көрсетеді:

1. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау, 2024 жылы – 76 қызмет.
 2. Денсаулық жағдайы бойынша ұзақ уақыт бойы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау, 2024 жылы-12 қызмет.
 3. Негізгі орта, жалпы орта білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру, 2024 жылы – 9 қызмет.
 4. Бастауыш, негізгі және орта білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау, 2024 жылы-63 қызмет.
 5. Педагог қызметкерлердің және оларға теңестірілген білім беру ұйымдарының тұлғаларына біліктілік санаттарын беруге (растауға) аттестаттаудан өту үшін құжаттарды қабылдау, 2024 жылы-8 қызмет.
- 2024 жылы барлығы 168 қызмет көрсетілді.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасына, сондай-ақ мерзімдерін бұзуға шағымдар жоқ.

2024 жылы мемлекеттік қызметтер көрсету қорытындылары бойынша алынған деректерге сүйене отырып, "бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беру бағдарламалары бойынша құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау" қызметі неғұрлым талап етілетін мемлекеттік қызмет болып табылады - 76 қызмет.

Халықты мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы хабардар ету үшін мектепте мемлекеттік қызметтер көрсетуді регламенттейтін нормативтік құқықтық актілер орналастырылған стенд, мектепте мемлекеттік қызметтер көрсетуге жауапты адамдарды бекіту туралы бұйрықтың көшірмесі бар.

Ұсыныстар: ақпаратты назарға алыңыз. Жеке тұлғаларды қолжетімді және сапалы мемлекеттік қызметтермен, оның ішінде электрондық форматта камтамасыз ету жөніндегі жұмысты жалғастыру.

Мектеп басшысы



Смадьяров К.С.